

Теміржол көлігімен жүк және жолаушы тасымалдауға арналған тарифтер туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 10 қыркүйектегі N 861 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 17 наурыздағы N 258 қаулысымен.

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің теміржол көлігімен жүк және жолаушы тасымалдаудағы бірыңғай тарифтік саясатын жүргізу мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы е т е д і :

Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің Қазақстан Республикасы Экономика министрлігінің жанындағы Баға комитетімен және Қаржы министрлігімен келісілген:

1993 жылғы 11 қыркүйек айынан бастап тарифті көтерудің шекті коэффициентін (қосымша құн салығынсыз) жүктерді мемлекетаралық қатынаста тасымалдаудың қолданылып жүрген тариф деңгейіне 1,28 есе;

1993 жылғы 15 қыркүйектен бастап жолаушыларды, жүкті және почтаны теміржол көлігімен тасымалдаудың (қала маңындағы қатынастан басқасы) шекті коэффициентін қолданылып жүрген тариф деңгейіне 2,5 етіп белгілеу туралы ұсынысы қабылдансын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі